

Абай атындағы Қазақ ұлттық
педагогикалық университеті
Жаратылыстану және
география институты

«Дұрыс әрекет» тобы

Топ мүшелері:

Әлімхан Ардақ

Қаналиева Айткүл

Өтежанова Әсия

Әлайдар Ботагөз

Кенжехан Мадина

Тағаев Ықтияр

Дәйексөз

- ▶ Дұрыс әрекет - жүректен шығып, сосын сөз ретінде бейнеленетін және іс жүзінде қолданылатын құндылық.
- ▶ Ешкімге әділетсіз іс-әрекетпен немесе жақсылық жасау мүмкіндігін құр жіберіп залал келтірме, жақсылық жасау-сенің парызың. (Б.Франклин)
- ▶ Егер біреу сенің қарсыласыңа тіл тигізуге немесе оған шабуыл жасауға тырысса, өз қарсыласыңды өз өміріңмен (қиянат жасамау) қорға. (М.Ганди)
- ▶ Адамдар бүгін жасаған игі ісіңізді, ертең ұмытып кетеді - бәрібір игі іс жасауды жалғастырыңыз. (Тереза ана)

Әңгімелеу

Тақырыбы: Өмір - теңіз, тағдыр - кеме, ал кемең суға батпас үшін өзің капитан болуың керек.

Бір профессордың үйіне кезінде сабақ берген өзінің шәкірттері келеді. Өткен күнді еске алып, **әрқайсысы өздерінің жұмыстары**, отбасылыры жайлы біраз әңгіменің басын қайырып, бұл өмірге наразылығын, ештеңе жетпейтінін, бітпейтін мәселелер жайлы сөз қозғайды. Шәкірттерінің сөздерінің аңдысын аңдыған **профессор алдарына хрусталь**, шыны, пластмасса кеселерді қойып, кофе құйып: “Ішіп отырыңдар”, - дейді. Шәкірттерінің барлығы қымбат хрусталь ыдысқа таласып, арзан ыдысты алғысы келмейді. Сонда профессор оларға былай деді: “Байқадыңдарма? **Барлығың қымбат ыдысты алып**, арзанын қалдырдыңдар. Бұл бір жағынан қымбат болып көрінгенмен, сендердің өмірге деген наразылықтарың да осында жатыр. Қымбат кесе кофенің дәмін кіргізбейді, **сендер оның сыртына қарап**, ішінде не барын естен шығарып алдыңдар. Шындығында сендерге керегі – кофе болатын, бірақ сендер кесені таңдаңдар. Одан соң: “Кім қандай кесе алады?”, - дегендей бір – бірлеріңе сын көзбен қарадыңдар. Ендіосыдан қорытынды шығарып көрелік: Өмір дегеніміз - кофе, ал мансап, ақша, жұмыс, бұлар – кесе. **Оларды барлығы өмірді сақтауға**, оны қамтуға арналған құрал – саймандар. Бірақ та өмірдің өзіне емес, оның сыртқы жағына ғана мән берсек, **ішкі дәмін**, рахатын сезіне алмай қаламыз. Кофенің тәттілігі кеседен емес. Ең бақытты адамдардың қолына ең қымбат нәрсе жоқ болуы мүмкін, бірақ қарапайым қанағат болады... Өмірлеріне наразылық айтып, күрсініп отырған шәкірттер ұстаздың осы мысалынан кейін терең ойда қалыпты....

Ән жинақ

Достарым

Толтырады бір көңілдің отын достарым
Қатемді түзеп, жол тапсам, дұрыс қостадың
Қиналған шақта бөлісіп жүрек жылуын
Жүріндер сендер қолықтан демеп, достарым

Жабыққан сәтте қас қағым
Жанынды ұғар басқа кім?
Жаңа бір әуен бастадым
Сендерге арнап, достарым!

Сағыныш толы кеудені кернеп жыр көшкін
Достықтың келдім сазына ән мен үнқосқым
Өтермін мынау өлшеулі ғана тірліктен
Биіктен сайлап орнын адал шын достың

Жабыққан сәтте қас – қағым
Жанынды ұғар басқа кім?
Жаңа бір әуен бастадым
Сендерге арнап, достарым!

Десек те қашан баянсыз достан түніл деп
Қаншама арзан мінезге куә жұмыр жер
Асылдар азба жанынды қияр дос үшін?
Соларға тағдыр өкінбей өтер ғұмыр бір
Қайырмасы.

* Меломен - перзент арманы

- * Сайын даламның бұйырған борышы мекен деп
Жаратқанымның өзгеге бір жолға бөтен боп
Жалтаңдап өстім айналамда жүрген жандарға
Кім менің әкем, кім менің жан анам екен деп

Өмірге келген әр сәби біреудің баласы
Тағдырын бірақ таңдауға жетпейді шамасы
Өміріміз шексіз қолдауымен жалғыз Алланың
Жолда қалмадым, бір биікке мен де самғадым
Тек бұл фәниге әкелген аяулы анамның
Дидарын көру — орындалмай жүрген арманым
Тілегім менің кеудемде соңғы рет қалғанша
Анам мен әкем бақытты болса екен бар болса
Жаныңда болса ата-анаң да
Соны адамдар бағалаңдар, бағалаңдар
Өмірге келген әр сәби біреудің баласы
Тағдырын бірақ таңдауға жетпейді...
Тілегім менің кеудемде соңғы рет қалғанша
Анам мен әкем бақытты болса екен бар болса

* Әні: Ұ. Жолдасов

* Сөзі: Р. Зайтов

- * Перзентінің ата-анасына деген дұрыс әрекеті.

Ақпарат

Қызықты

Сүйсіздік


Дұрыс
өрекет

Қызық
самау

ҚАНАДЫҒА

ҚАНАДЫҒА


Құндылықтар ағашы



Жоспар:

1. Дұрыс әрекет жалпыадамзаттық құндылық ретінде.
2. Білім беру үрдісін Дұрыс әрекетке үйретудегі мақсаттары.
3. Дұрыс әрекетке тән қасиеттер.
4. Болып жатырған нәрсеге қарсыласпау.
5. Дұрыс әрекет ету іс – тәжірибесі.

ДҰРЫС ӘРЕКЕТ ҚҰНДЫЛЫҒЫ ТУРАЛЫ...



Әл - Фараби

«Дұрыс әрекет - мақсатқа жеткізер жолды дұрыс таңдаудан басталады»



Токтар Әубакиров

Адам - өз тағдырының иесі. «Гүліне қарама, түбіне қара» - дейді халқымыз. Жас кезімде әрдайым ізденіс үстінде жүретінмін. Бір нәрсенің соңына адал жүрек, ақ ниетпен түссең, соның жемісін көресің. Бәрі ниетке байланысты, еш жерде есеп болмау керек. Қарапайым нәрсеге риза бол. Сен өмірді жақсы көрсең қарапайым нәрселердің құндылығын мойындайсың.

Өзге адамдардың өзі
туралы не ойлайтынын
уайымдамау

Барлығынан
жақсылық көруге
тырысады

Танып – білуін
тоқтатпай
жалғастыру

Әрқашан кішіпейіл
және риза



Бақытты адам

Осы сәтен өмір
сүреді

Үнемі жадырап,
күлімсіреп
жүреді

Осы өмірдің бәрі
кемел еместігін біледі

Қоршаған ортаға
өз үлесін қосады

ДҰРЫС ӘРЕКЕТКЕ ТӘН ҚАСИЕТТЕР

Әдеп: өзінің шынайы болмысын түсінуге негізделген. Дұрыс әрекет адам өмірінің негізі болуы керек.

Қанағат: тілек – қалау аамды әрекет етуге итермелейді және оның өміріндегі амал әрекетіне себепші болады.

Ынтымақтастық: жастары, әлеуметтік және экономикалық жағдайы өзгелермен үйлесімді өмір сүруге үйрету.

Тәртіп: адам іс-әрекетіндегі жетістігінің негізі. Бұл қасиет баланың бойына сәби кезінен бастап даруы керек.

Парыз бен ризашылық: әр адамның өз отбасы , өмір сүретін қоғамы мен елі алдындағы парызы мен міндеті бар.

Дұрыс ой: адамның Дұрыс әрекетке бастайтын таза және асқақ ойы болуы керек.

Дұрыс сөз: тіл бұл шынайы тәрбиеліліктің көрсеткіші. Сауатсыз, дөрекі сөйлеу, ашу мен ызаға толы сөз адам денсаулығына кері әсерін тигізеді.

Болып жатырған нәрсеге қарсыласпау.

Бақытты өмірдің сыры:

- «Мен болып жатқан нәрсеге қарсы емеспін». Қарсыласпау дегеніміз болып жатқан нәрсеге іштей икемделу, сонымен бірге біте қайнасу.

Қарсыласпау:

- пікір білдірмеу, байланып қалмау шынайы еркіндік пен рухани тазарған өмірдің үш қыры

Дұрыс әрекет ету іс – тәжірибесі.

Тәннің үш дұшпаны:

1. Сатқындыққа бейімділік
2. Сарандық заттарға сарандық
3. Тірі жанды жәбірдеуге бейімділік

Сөздің үш дұшпаны:

1. Үрей таратудан рахаттану
2. Жалған сөйлеу
3. Өсек айту

Ақылдың үш дұшпаны

1. Басқаның затына құмарлық
2. Көреалмаушылық
3. Арсыздық

ДУРЫС ӘРЕКЕТ АСПЕКТИЛЕРІ

ПАҚИҚАТҚА ЖҮГІНУ

ПЖАҚСЫ МІНЕЗ

ПДУРЫС ІС ӘРЕКЕТ

ПСЕЗІМ МҮШЕЛЕРІН

ҚАДАҒАЛАУ

ПТӘРТІП

ПБАЙЛАНЫП ҚАЛМАУ

ПҚИЯНАТ ЖАСАМАУ

ПРИЯСЫЗ ҚЫЗМЕТ

ЕТУ

Әл - Фараби туралы аңыз. Жүз мәрте.

Адам баласы тарихын зерттеп жүрген бір оқымыстының қолына Аристотельдің «Даңқ туралы» деген кітабы түседі. Тарихшы кітапты аяғына дейін ақтарып шығады. Кітаптың соңғы бетінен: « Мен бұл кітапты жүз мәрте оқып шықтым» деген жазуды көреді. Сөйтсе мұны жазған Әбунасыр Әл-Фараби екен. Әбунасыр ылғи да қолынан тастамай Аристотельдің «Физика» аталатын кітабын оқып жүреді. Бір жолдасы: Бұл кітапқа неге сонша қадалып қалдың?– деп сұрайды.

Сонда Әбунасыр:

Бұл кітапты қырық мәрте оқып шықтым. Сөйтсе де тағы оқып шығуым керек. Өйткені әлі толық ұғынып болған жоқпын – деп түсіндіреді. Әбунасыр еш уақытта қолына алған кітапты бір не екі мәрте оқып қоя салмаған. Мағынасын толық түсінгенше ерінбей-жалықпай оқи берген. Сөйтіп, кітапта айтылған жайлардың мағынасына ой жіберіп, жаңа ұғымдардың есігін ашып отырған. Сол есік арқылы өзі ішке кіріп, ғылым әлемінің таңғажайып сырларына қанған, гүлзарларын шарлаған.

Өзін – өзі тану пәнімен интеграцияланған жаратылыстану сабағының жоспары

Тақырыбы: Жердің құрылысы

Құндылығы: Дұрыс әрекет

Қасиеттер: шынайылық қайырымдылық, ұқыптылық ,бауырмалдық

<p>Мақсаты: Жердің құрылысымен таныстыра отырып, жер қыртысы, мантия және ядро қабықтарының ерекшеліктерін түсіндіру және оқушыларға дұрыс әрекет құндылығының мәнін ашу.</p> <p>Міндеті:</p> <ol style="list-style-type: none">1. Оқушыларға жер қыртысы туралы мағлұмат беру.2. Өзара бірлесе әрекет етуге, өз бетімен жұмыс жүргізу қабілетін арттыру.3. Зиянды әрекеттерден аулақ болуға, жердің қадір-қасиетін ұғына отырып, қорғауға, сақтауға бағыттау.	<p>Ресурстар: (құралдар, мәліметтер) слайд,өлеңнің аудио дискісі</p>
<p>Сабақ барысы Ұйымдастыру кезеңі. 5 «Т» Сыртқы интеграция 1. Тыныштық сәті. «Орманға саяхат». Үй тапсырмасын тексеру Ішкі интеграция. Өткен сабақта «Жер қыртысының қозғалуы» туралы өткен едік, соған тоқталып өтейік. Жер қыртысы қозғалысына мысал келтіріңіздерші? – <i>Әлемдегі жер сілкіністерінің себебі неден?</i> – <i>Адамдар табиғатқа қандай әсер береді?</i> – Біздің еліміздің қай аймағында жер сілкіну құбылысы байқалады? – <i>Адам бойындағы жақсы қасиеттеріне мысал келтіріңіздер?</i></p>	<p>Сабақ барысын талдау:</p>

Дәйексөз

Ұлғарақтай болса да
ата қоныс — жер қымбат.
Ат төбеліндей болса да
туып-өскен ел қымбат.

Халық мақалы

2-рет ұлдарға, 2- рет қыздарға, 1-рет хормен айту. Дәптерге жазу.

Сұрақтар:

1. Дәйексөзде қандай құндылықты байқадыңдар?
2. Жер не үшін қымбат деп ойлайсыңдар?
3. Жер туралы қандай мағлұматтар білеміз?

1. Ғарышкерлер үшін ең үлкен таңғаларлық жағдай-Жердің ғарыштан қарағандағы көрінісі. Таулы жоталар, ірі көлдер мен өзендерді анық ажыратуға болады. Ең бір сұлу көрініс қараңғы түнектен нұрын шашып көкжиектен көтеріліп келе жатқан кезең. Осы кезде Жердің дөңгелек, сопақша екендігі айқын байқала отырып, күн нұрының шашырауынан көкшіл түстен, көгілдір-күлгінге, одан кейін қою көк түске боялады. Бұл – Жерді ғарыштан бірінші болып көрген ғарышкер Юрий Гагариннің сөзі еді.

Ондағы температура 3000°С-қа дейін жетеді. Жер өзінің құрылымына қарай тастардан емес, металдардан (темір, никель, кремний, алюминий, магний, кальций және т.б.) құралған

2. Ғарышқа қарағында Жердің ішкі құрылымын зерттеудегі жетістіктеріміз өте мардымсыз. Жерді зерттегеннен гөрі ғаламшарларды, олардың серіктерін зерттеу адамзат үшін оңай болып көрінеді. Жер қойнауын зерттеу мақсатындағы бұрғылау жұмыстары 15 шақырым тереңдікке дейін барды. Ал Жердің осіне дейін 6000 шақырым.

3. Жердің ішкі құрылымы жер қыртысы, мантия және ядро деген қабықтардан тұрады. Солардың арасындағы ең жұқасы жердің үстіңгі қабығы-жер қыртысы.

4. Жердің келесі қабаты – мантия (латын тілінен аударғанда «жамылғы» деген мағынаны білдіреді). Шамамен 2900 шақырым тереңдікке дейін барады. Мантия жартылай балқыған және иілмелі күйде болады.

5. Үшінші қабатымыз – жердің кіндігі ядро. Ядро сыртқы және ішкі деп екіге бөлінеді.

5. Шығармашылық іс-әрекет, топтық, жеке жұмыс.

Оқушыларды 2 топқа бөліп, тапсырма беру.

1 топ. Зиянды әрекеттерден қалай қорғанамыз?

Тізбектеп жазып, сол арқылы постер қорғау.

2. топ. «Жер ана» тақырыбына хат жазу.

Бейнеролик «Таңғажайып жерлер»

Жер қыртысының адам өмірінде алатын орны ерекше.

«Ел орнында, жер орнында.

Жерге жетер байлық жоқ.» деп халық бекер айтпаған. Жер қадірін бүкіл адамзат баласы білуге міндетті.

Ішкі интеграция:

1961 жылдың 12 сәуіріндегі алғашқы ғарышкер – Юрий Гагариннің ұшуы жаңа ғарыш дәуірінің, ғарыш тарихының жаңа даму сатысының басы болды. Адам баласы тартылыс заңын жеңді. Яғни бұл- ақиқат. Қазақтың қос қаһарман ұлы Тоқтар Әубәкіров пен Талғат Мұсабаевтың ғарышқа ұшқандығы және адамзат тарихындағы алғашқы ғарышкер Гагаринге қойылған ескерткіште қазақ ақыны Олжас Сүлейменовтің өлеңінің бір жолы жазылып тұрғандығы.

Тарих осылай жасалады. Ал біздің кеудеміздегі аңсар – Ғарыш дәуіріндегі қазақ халқының орнының айшықталуы және оны өз пайдамызға жарата алатын күн тууы. Бұл Еліміздің ғарышқа деген Сүйіспеншілігі.

Жер қыртысын дұрыс пайдалануда, адамдар әрқашан жерге қамқорлық жасау оған дұрыс әрекетпен қарым-қатынаста болу керек.

Мантия жер қыртысындағы иілмелі, балқыған күйде болады.

Ол оянып жанартауға айналады, ал адамның ойына жақсы оймен толықса, қандай іс әрекет жасайды?

Ал балалар ядро жердің кіндігі ең түпкі бөлігі, ал адамның ең түпкі бөлігі жүрек. Рухани деңгей адам өмірінің ядросы болса яғни кіндігі, ал ядро жер кіндігі. Біз рухани деңгейдің шыңына шығуға ұмтылуымыз қажет.

Рухани деңгейіміздің шыңына шығу үшін жүрек үнін тындау қажет пе?

Балалар сонымен ғарышкерлердің өмірі ақиқат, еліміздің ғарышкерлерге деген сүйіспеншілігі шексіз, жер құрылысын зерттеп дұрыс пайдалану дұрыс әрекет, зерттеу жүргізіп жанартауларды анықтап мантияның адам өміріне зиянын тигізбеу яғни ішкі тыныштықты бұзбау, жер кіндігі ядро болса, адамның ең жоғарғы рухани деңгейі қиянат жасамауға жету біздің міндетіміз.

Ғарыш әлемі – Ақиқат

Ғарышкерлерге деген көзқарас – Сүйіспеншілік

Жерді пайдалану – Дұрыс әрекет

Мантия – Ішкі тыныштық

Жер кіндігі – Қиянат жасамау

«ЖАҚСЫЛЫҚ ЖОЛЫМЕН» АТТЫ ҚАМҚОРЛЫҚ АҚЦИЯСЫ

Дұрыс әрекет құндылығына байланысты рухани-адамгершілік білім тұрғысынан өткізілген іс-шара жоспары

Тақырыбы: *«Жақсылық жолымен».*

Қамқорлық акциясы

Мақсаты: Қаламыздағы қарт кісілерге көмек қолын созу, студенттермен қарт адамдар арасында жылы қарым-қатынас орнату, әлеуметтік көмек көрсету. Қарттардың даналығын қашан да алға ұстап, осыдан үлгі-өнеге алып, сонымен қатар рухани демеудің маңызды рөлі бар екенін дәлелдей отырып, олардың өміріне нұр енгізу. студенттердің бойына рухани адамгершілік қасиеттерді ұялату.

Жоспары:

1. Ұйымдастыру кезеңі.

Студенттерге алдын-ала ескертіп айту. Жоспарын жасау.

- Қарт атаның рұқсатын алу.

2. - Дөңгелек үстелге жиналған студенттерге тақырыппен таныстыру; ойларымен санасу, ойларын түртіп алу;

3. Атаға көмек қолын созу.

Азық-түлікпен, дәмді заттармен қамтамасыз ету.

4. Студенттер өз ойларында жүрген сауалдарын қойып, әңгімелесу, сыр бөлісу.

5. Үлкендерді аяла осы өткен іс-шараны қорытындылап студенттермен ой бөлісіп, пікір алмасу.